



## «ЭКОНОМИКА МҮНАЙ ЭКСПОРТЫНА ТӘУЕЛДІ БОЛМАУЫ КЕРЕК»

– Сүйіндік Тасеменұлы, Сенаттағы маңызды комитеттің төрағасысыз. Осы комитеттің бастамасымен қаралып, қабылданған заңдарға тоқтала кетсеңіз. Олар қаншалықты елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал етпек?

– 2024 жылы Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті Мемлекет басшысының еліміздің экономикалық өсуін қамтамасыз ету, кәсіпкерлік белсенділікті ынталандыру және инвестициялар тарту жөніндегі тапсырмаларын орындауға бағытталған бірнеше заңды қарастырды. Былтыр 30 желтоқсанда қол қойылған «Биржалық сауда және кәсіпкерлік мәселелері туралы» заңды атап өтуге болады. Заңның мақсаты – биржалық сауданы реттейтін заңнаманы одан әрі жетілдіру, сондай-ақ инвесторлар құқығын қорғаудың жаңа механизмін енгізу арқылы инвестициялық климатты жақсарту. Заңның негізгі бағытының бірі – тау-кен өндірушілердің тауар биржасы арқылы сатып алу рәсімінен жалтаруын болдырмау және отандық өндірушілердің ашық сауда құралдарына қолжетімділігін арттыру. Бұл жаңашылдықтар Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындауды қамтамасыз етеді, ол арқылы ірі бизнес отандық тауарларды сатып алу мен реттелген сатып алу ережелерінен айналып өтіп, «қалталы» тауар биржаларын қысқартуға бағытталған.

Сондай-ақ, комитет тұрғын үй саясатын реформалау мәселесі бойынша заңды қарастырды, ол тұрғын үй қатынастары саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Заңда «Отбасы банк» акционерлік қоғамын ұлттық даму институтына айналдыру қарастырылған, оның негізгі міндеті – азаматтарды тұрғын үймен қамтамасыз ету бойынша тұрғын үй қатынастарын дамыту; жалға берілетін тұрғын үйді бұрын сатып алу құқығынсыз берген жағдайда оны жекешелендіру құқығын беру; жесірлерді толық емес отбасы санатынан әлеуметтік осал топтар ретінде бөлу; тұрғын үй жағдайын жақсартуға бағытталған мемлекеттік қолдау шараларын анықтау және т.б.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 5-бетте)

### ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТ

# АДАМНЫҢ ОРНЫН АЛГОРИТМ АЛМАСТЫРА АЛА МА?



XXI ғасыр – жасанды интеллект (ЖИ) дәуірі. Бұл технология адам өмірінің барлық саласына еніп, жұмыс процесін оңтайландырып, жаңа мүмкіндіктер ашуда. Бірақ ЖИ тек жетістіктер мен дамудың символы ғана емес, сонымен қатар бірқатар күрделі мәселелер мен қауіптердің де қайнар көзіне айналды. ЖИ-дің қарқынды дамуы адамзат үшін игілік пе, әлде оның ұзақмерзімді салдары ауыр ма?

### БӘРЕКЕЛДІ

## ЖАС ҒАЛЫМДАР БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Мемлекет басшысының тапсырмасымен ғалымдарға қолдау көрсету, олардың әлеуметтік мәртебесін арттыру және ғылымға жас кадрлардың келуін ынталандыру мақсатында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек «Ғылым ордасы» ғимаратында жас ғалымдарға пәтер сертификаттарын салтанатты түрде табыстады.

Министрлік 2024 жылғы мамыр айынан бастап баспанаға мұқтаж жас ғалымдардың тізімін қалыптастыру бойынша жұмыс жүргізуде. Осыған орай, Алматы қаласында баспана беру үшін ғылыми ұйымдардың, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының жас ғалымдары үшін пәтерлерді бөлу жөніндегі комиссияда баспанаға мұқтаждардың тізімі айқындалған болатын. Нәтижесінде 9 жас ғалымға тұрғын үй сертификаты табысталды. Баспаналы болғандар арасында Абай атындағы Қазақ Ұлттық пе-

дагогикалық университетінің жас ғалымдары Дәурен Байсейітов пен Гүлістан Елубай бар.

Шара барысында ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек жас ғалымдарды қолдауға қатысты оң өзгерістер орын алғанын атап өтті. Сонымен қатар, 2024–2026 жылдарға арналған қолданбалы ғылымды мемлекеттік қаржыландыру көлемі ұлғайғанын, жас ғалымдарды қолдау шаралары күшейтіліп, ғылымды дамыту және технологиялық саясатты іске асыруға бағытталған «Ғылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылда-



нып, ғылыми ұйым қызметкерлерінің лауазымдық жалақысы артқанын айтты.


Айта кетейік, бұған дейін Мемлекет басшысының тапсырмасымен 42 жас ғалым тұрғын үй сертификатын алды. Сонымен қатар 2023 жылғы 19 қазанда Ғылым және жоғары білім министрлігі мен «Отбасы банк» АҚ арасында жас ғалымдарға 2023–2027 жылдарға арналған жеңілдетілген кредит беру бағдарламасы бойынша ынтымақтастық туралы келісімге қол қойылды. Қазіргі уақытта аталған бағдарлама бойынша

290 жас ғалым жеңілдікпен баспана алды.

Жас ғалымдарды пәтермен қамтамасыз ету – еліміздегі ғылым мен білімді қолдаудың жарқын үлгісі. Бұл бастама – жас зерттеушілерге жаңа мүмкіндіктер ашып, олардың ғылымға деген ынтымақ арттырады. Баспанамен қамтамасыз ету – тек әлеуметтік қолдау ғана емес, елдің интеллектуалдық әлеуетін нығайтуға бағытталған маңызды қадам.

А.ЕРБОЛҚЫЗЫ,  
«Заң газеті»

2-бет



Дроппер деген кім?

3-бет



Отбасы құндылығының орны бөлек

8-бет



Балаларға арналған танымдық контенттер неге аз?



## ЧИЛИЛІК КОМПАНИЯ ЗАУЫТ САЛАТЫН БОЛДЫ

KAZ Minerals тобы мен чилилік ME Escometal компаниясы арасында Астанада оффтейк-келісімшартқа қол қойылды. Келісім бойынша шетелдік компания Талдықорғанда ұсақтау шарларын өндіретін зауыт салу міндеттемелерін мойнына алады.

2028 жылы іске қосу жоспарланған өндіріс орны жылына 150 мың тонна ұсақтау шарын өндіруге қауқарлы болмақ. Инвестициялардың жалпы көлемі – 85 млн долларды құрайды. Жоба жүзеге асқанда 100-ге жуық адам жұмыспен қамта-

масыз етіліп, өндіріс өнеркәсіптік әлеуетін дамытуға және мемлекеттік бюджетке түсетін түсімдерді ұлғайтуға ықпал етеді.

«KAZ Minerals тобы әрқашан ел басшылығының индустриялық саясатына сәйкес келетін өндірістік

циклдің барынша тиімділігіне бағытталған үздік шешімдерді енгізуге ұмтылады. Сапалы ұсақтау шарларын пайдалану тау-кен байыту кешендерінің өнімділігіне әсер ететін негізгі фактор. 2023 жылы біз әртүрлі жеткізушілердің өнім үлгілерін олардың сипаттамаларын бұрын қолданылған материалдармен салыстыра отырып, ауқымды сынақтан өткіздік.

Бағалаудың негізгі критерийлері шарларды тұтыну, ұнтақталған кен-

нің бір тоннасына энергия тұтыну, шарлардың бөлінуіне байланысты өндіріс аялдамаларын азайту және әріне, металл өндіруді арттыру болды.

Сынақ нәтижелері бойынша ME Escometal өнімдері жиынтық құны бойынша ең жақсы нәтижелер көрсетіп, осы компаниямен ынтымақтастықты стратегиялық маңызды қадамға айналдырды, – дейді «KAZ Minerals Management» ЖШС басқарма төрағасы Эльдар Мамедов. Оның айтуынша, Талдықорғандағы жаңа зауыт KAZ Minerals тобы ең жоғары сапалы ұсақтау шарларымен қамтамасыз етіп қана қоймай, сонымен қатар қазақстандық өнеркәсіптің дамуына үлес қосып, озық тәжірибе мен технологияларды беруге ықпал етеді. Сол себепті, оффтейк-келісім-

шартқа қол қою – бұл жай ғана іскерлік мәміле емес, Қазақстанның тау-кен өндіру саласын дамытуға және оның әлемдік нарықтағы бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған стратегиялық әріптестік.

KAZ Minerals тобы жыл сайын 70 мың тоннаға дейін ұсақтау шарларын тұтынады. Бұл 100 млн долларға тең. Ұсақтау шарларының топ бюджетіндегі үлес салмағы 10% құрап, кен өңдеу процесінде маңызды рөл атқарады. Қазақстанда осындай сападағы ұсақтау шарларының болмауына байланысты қазіргі уақытта ол саладағы халықаралық көшбасшы ME Escometal компаниясының өнімдерін пайдаланады.

Е.КЕБЕКБАЙ,  
«Заң газеті»

## ТАРАТУ

3. «ШКОЛА ПОСТДИПЛОМНОГО ОБРАЗОВАНИЯ» ЖШС (БСН 201240022715) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Ломов көшесі, 165-үй, 25-пәтер, тел. 87475354846.

4. «Фирма Принт-экспресс» ЖШС (БСН 950640001591) (Қостанай қаласы, Гагарин көшесі, 162) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР Қостанай қаласы, Назарбаев даңғылы, 162, тел. 87772237823.

5. «Компания «РУНА ГРУПП» ЖШС (БСН 110240012419) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 43А үй, тел. 87072582100.

6. «Temir Trans Logistics» ЖШС (БСН 230540003514) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Орынбор көшесі, 10/2 ғимарат, 34-пәтер.

7. «Батыс Қазақстан облысының еңбек инспекциясы бойынша басқармасы» мемлекеттік мекемесі (БСН 140740011543), Батыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 13 желтоқсандағы №359 қаулысына сәйкес, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Н.Назарбаев даңғылы, 188-үй. Тел. 8 (7112) 31-86-87. Жұмыс уақыты 09.00 ден 18.30 дейін, түскі үзіліс 13.00 ден 14.30 дейін.

8. «QADAM service group»-тың (220340027861) жабылуына байланысты алыс-берісі бар мекемелер, жеке азаматтар хабарландыру газетке жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде хабарласуына болады. Өтініштер Маңғыстау облысы, Бейнеу ауданы, Бейнеу ауылы, Рзаевтар көшесі, 30А гараж бойынша қабылданады.

12. «ЕЛ ЫРЫСЫ» ауылшаруашылығы өндірістік кооперативі» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі, БСН 241040009252, заңды мекенжайы ҚР, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылы, Қойқара көшесі, 232/2 үй, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: ҚР, Атырау облысы, Жылыой ауданы, Шоқпартоғай ауылы, Болай ханым көшесі, 225-үй. Тел. 87013011238, 87011117488.

13. «БЛУ ВОТЕР ШИПИНГ КАЗАХСТАН (BLUE WATER SHIPPING KAZAKHSTAN)» ЖШС (БСН 991240000915) (Маңғыстау облысы, Ақтау қаласы, 130000, №3 Промзона, 34-ғимарат) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, 050051, Жолдасбеков көшесі, 97, Самал Тауэрс, 8-қабат, тел. 87273300500.

14. «ARLAN-5» ЖШС (БСН 220140019712) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: 050000, Алматы қаласы, Есенов көшесі, 15/3 үй, 46-пәтер, тел. 87001233723.

15. «Amanat Qazyna.KZ» ЖШС (БСН 240340005496) (Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Сүйінбай даңғылы, 2-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Алатау ауданы, Өжет шағын ауданы, Сеңгірбай көшесі, 5, тел. 87479274718.

22. «EUROLUX.KAZ» ЖШС (БСН 190940001572) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бо-

йынша қабылданады: Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Ахмет Яссауи көшесі, 54-құрылыс, пошта индексі 160500.

24. «Интект Строй» ЖШС (БСН 160340011067) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қызылорда облысы, Байқоңыр қаласы, Мира көшесі, 13, 61/62 пәтер, тел. 87760554785.

## ӘРТҮРЛІ

9. Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 28.02.2025 ж. анықтамасы бойынша «ТНҚ-ЭнергоСервис» ЖШС-не (БСН 110340019350) қатысты сауықтыру рәсімін қолдану туралы азаматтық іс қозғалды.

17. КОНКУРС ӨТКІЗІЛЕДІ!  
1. «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ 2025 жылғы 15 сәуірде Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, 1-құрылыс, Қызылорда облысы әкімдігі ғимаратының 4-қабат, 429-кабинет жолаушылар мен багажды автомобильмен республика тасымалдау маршруттарына қызмет көрсету құқығына арналған конкурсты өткізу туралы хабарлайды.  
2. Конкурсқа мынадай маршруттардың пакеттері (маршруттар) шығарылады:  
2.1 Ауданаралық (қалааралық облысшілік) тұрақты автобус маршруттары: Шиелі-Қызылорда, Қызылорда-Бесарық, әлеуметтік мәні бар тұрақты автобус маршруттары: Ортақшыл-Қызылорда, Тұрсынбай Датқа-Қызылорда, Ақарық-Қызылорда.  
2.2 Облысаралық қалааралық тұрақты автобус маршруттары: Әйтеке би-Ақтөбе, Төретам-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Қызылорда-Тараз, Қызылорда-Жезқазған, Арал-Әйтеке би-Түркістан, Арал-Әйтеке би-Алматы, Төретам-Шымкент.  
3. Конкурсқа меншік нысанына қарамастан, меншік құқығында немесе өзге де заңды негіздерде автокөлік құралдары бар кез келген жеке және заңды тұлғалар қатысады.  
4. Конкурсқа қатысуға тілек білдірушілер «Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасы» КММ конкурстық құжаттардың жиынтығын алуға жазбаша өтінімді Қызылорда қаласы, Бейбарыс сұлтан көшесі, құрылыс 1, Қызылорда облыс әкімдігі ғимаратының 4 қабат, 429 каб. бойынша ұсынуы тиіс.  
5. Конкурстық құжаттарды алуға өтінімдерді қабылдаудың және Конкурсқа қатысуға өтінімдерді қабылдаудың соңғы мерзімі: 2025 жылғы 2 сәуір сағат 18-00 дейін.  
6. 2025 жылғы 19 наурыз сағат 16-00 конкурстық Комиссия конкурсты өткізу мәселелері жөніндегі конкурс алдындағы конференция өткізеді.  
7. Анықтама алу үшін телефондары: 8 (7242) 60-54-75, 60-54-77.

18. Алматы қаласы энергетика және сумен жабдықтау басқармасының «Алматы Су» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны 2025 жылғы 28 сәуірде сағат 15-00-де сумен жабдықтау және су бұру қызметтеріне бекітілген тарифтік сметалардың және инвестициялық бағдарламалардың орындалуы туралы, сапа және сенімділік көрсеткіштерінің сақталуы, 2024 жылдың қорытындысы бойынша тұтынушылардың алдында қызмет тиімділігінің көрсеткіштеріне қол жеткізу туралы және өзге мүдделі тұлғалар жария тыңдау нысанында.

Табиғи монополия субъектісінің атауы және орналасқан жері: «Алматы Су» МКҚ, заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196.

Есептің өткізілетін күні мен орны: 2025 жылғы 28 сәуір, сағат 15-00-де, Алматы қаласы, Жароков көшесі, 196, 2-қабат (конференц-зал).

Көрсетілетін реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрі: сумен жабдықтау жөніндегі қызметтер, су бұру жөніндегі қызметтер.

Есепті көпшілік алдында тыңдау офлайн және онлайн форматтарда өткізіледі. Zoom платформасында бейнеконференцияға қосылу сілтемесі тыңдауды өткізуден бір күн бұрын Кәсіпорынның ресми сайтында www.almatysu.kz орналастырылады.

19. «Шығысэнерго» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Атқарушы органның орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2) өз қатысушыларын Серіктестіктің Атқарушы органының шешіміне сәйкес 2025 жылы 15 сәуірде сағ.11.00-де Шығыс Қазақстан облысы, Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 81/2 мекенжайы бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қатысушыларының кезектен тыс Жалпы жиналысы өтетіні туралы хабарлайды.  
Қатысушыларды тіркеу 2025 жылы 15 сәуірде аталған мекенжай бойынша 09 сағат 30 минуттан 10 сағат 45 минутқа дейін жүзеге асырылады.  
Жиналысқа қатысуға құқықтары бар қатысушылардың тізімі 2025 жылғы 14 сәуірдегі жағдай бойынша жасалады.  
Күн тәртібіне келесі мәселелер енгізілген:  
1. 2024 жылғы қызмет қорытындылары бойынша «Шығысэнерго» ЖШС қаржылық есептілігін бекіту туралы.  
2. «Шығысэнерго» ЖШС жарғылық капиталын өсіру туралы.  
Бірінші жиналыста қворум болмаған жағдайда жиналысты қайта өткізу күні – 2025 жылғы 30 мамыр.  
Серіктестік қатысушылары Жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері жөніндегі ақпаратпен (материалдармен) «Шығысэнерго» ЖШС Атқарушы органының орналасқан жері бойынша танысуға болады.

20. Хабарлама  
Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация Министрлігі «Қазу-шар» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – РМК) 2024 жылдың қорытындысы бойынша арқылы су беру қызметіне тұтынушылар мен мүдделі тұлғалар алдында есеп беруді өткізу туралы хабарландырады.  
2025 жылдың 24 сәуірінде Астана қаласының уақыты бойынша сағат 15:00-де:  
1) Алматы облысы, Талғар қаласы, Алаш көш.,8/1  
2) Орал қаласы, Самар көшесі, 23Б  
3) Түркістан қаласы, Қазыбек би көш.,196  
4) Қызылорда қаласы, Төле би көшесі, 66  
5) Қарағанды, Алияханов көшесі, 11А  
6) Өскемен қаласы, Қазақстан көшесі, 99/1  
7) Алматы облысы бойынша:  
Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Қабанбай батыр көшесі №8  
Алақол ауданы, Үшарал қаласы, Қалалық әкімдік, Жеңіс көшесі 148  
Талдықорған қаласы, Балалық би көшесі №40  
Қаратал ауданы, Бастөбе ауылы, Мұсабек көшесі №10  
Көксу ауданы, Балпық ауылы, Айтеке би көшесі №14  
Панфилов ауданы, Жаркент қаласы, Үсек көшесі, 28) Тараз қаласы, Жауғаш батыр көшесі, 1А  
9) Қарағанды қаласы, Абай ауданы, Көксу селолық округі, Жартап пос., Жартап сұйымдасы сұтарабының АБК ғимараты  
10) Павлодар қаласы, Астана көшесі, 174  
2025 жылдың 25 сәуірінде сағат 16:00-де ОА мына мекенжайда өтеді: Астана қаласы, Мәңгілік ел көшесі, 8, БО Алтын орда.

21. «Партизанское-1» ЖШС (БСН 990540005220) барлық қатысушыларға кезектен тыс жалпы жиналыстың өтетінін хабарлайды.  
Жалпы жиналыс келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Ақмола облысы, Бұланды ауданы, Партизанка ауылы, «Тойхан» ғимараты.  
Жалпы жиналыстың өтетін уақыты: 2025 жылдың «15» сәуір күні; сағат 14:00-де.  
КҮН ТӘРТІБІНДЕ:  
«Партизанское-1» ЖШС кепілдіктерін беру.

23. «Қамысты» ЖШС (БСН 990340002487) жарғылық капиталдың 17 125 511,44 теңгеге (он жеті миллион жүз жиырма бес мың бес жүз он бір теңге қырық төрт тиын) азайғаны туралы хабарлайды. Кредиторлардың талаптары хабарландыру жарияланған сәттен бастап бір ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қостанай облысы, Қамысты ауданы, Қамысты ауылы, Ержанов көшесі, 89 в.

## МҰРАҒЕРЛІК

2. 2024 жылдың 14 желтоқсанында қайтыс болған Сағатов Киняз Зияхановичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус А.П.Саржановаға келулеріңіз керек. Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы, Мырзақент ауылы, Қожанов көшесі, 4/7. Тел. 87754450675.

10. 20.11.2023 жылы Музапарова Баян Рустемовнаның қайтыс болуына байланысты барлық мұрагерлеріне нотариус А.С.Жанакұлованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келуін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда қаласы, Мұратбаев көшесі, 36-үй, 35-пәтер. Тел. 87052700001.

11. 2024 жылдың 6 қарашасында қайтыс болған Шағирбаев Баянбек Кошкарбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ф.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат. Тел. 8 702 233 44 99.

16. 2024 жылдың 27 қарашасында қайтыс болған Тұржигитов Дарын Жайлыбаевичтің артынан мұрагерлік іс ашылды. Барлық мұрагерлер мұраны қабылдау үшін нотариус А.А. Амандықоваға, мына мекенжай бойынша Атырау қаласы, Авангард-3 шағын ауданы, 75-үй, 5-кеңсе хабарласуларын сұраймын.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасының Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды қаласы Әлихан Бөкейхан ауданының №2 сотының судьясы Талғат Тұрсынұлы Экзекова әкесі  
**Тұрсын Балтабекұлының**  
дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

**ЖАРНАМА БӨЛІМІ:**  
Алматы қаласы  
Тел.: (727)292-43-43  
8 (708) 929-98-74  
E-mail:  
zanreklama@mail.ru

**ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:**  
«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтоғұл көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кенсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.  
ИП «Profy Agency kz»  
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.  
г. Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509  
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.  
«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.  
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).  
«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директор Қривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com  
ЖК «Trade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.  
ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.  
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04  
Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүгішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.  
ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.  
Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.  
«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.  
ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Реформа» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.  
«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.  
ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.  
«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел.: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78  
ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖК О аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.  
ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.  
ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел.: 87019457336 Татьяна.  
ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Өуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747) 8097074.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.